

Тереңкөл ауданы Ивановка ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізудің тәртібін бекіту және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің санын айқындау туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 2020 жылғы 10 наурыздағы № 10/54 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 17 наурызда № 6751 болып тіркелді. Күші жойылды - Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 2023 жылғы 10 қазандағы № 3/7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Тереңкөл аудандық мәслихатының 10.10.2023 № 3/7 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 4 тамыздағы "Павлодар облысының Качир, Лебяжі аудандарын қайта атау туралы" № 724 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің үлгі қағидаларына сәйкес, Тереңкөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қоса беріліп отырған Тереңкөл ауданы Ивановка ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің тәртібі бекітілсін.

2. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін Тереңкөл ауданы Ивановка ауылдық округі ауылдарының тұрғындары өкілдерінің сандық құрамы тұрғындарының жалпы санынан 1 (бір) % мөлшерінде бекітілсін.

3. Качир аудандық мәслихатының 2014 жылғы 26 қыркүйектегі "Качир ауданы Ивановка ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуудің Қағидаларын және жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің санын бекіту туралы" № 15/33 шешімінің (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4079 болып тіркелген, 2014 жылғы 14 қазанда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылау Тереңкөл аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала мен заңдылық жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі.

Теренкөл аудандық мәслихатының сессия төрағасы
Теренкөл аудандық мәслихатының хатшысы

Г. Аменова
С. Баяндинов

Теренкөл аудандық
мәслихатының
2020 жылғы 10 наурызы
№ 10/54 шешімімен
бекітілген

Теренкөл ауданы Ивановка ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуіндің тәртібі

1. Осы Теренкөл ауданы Ивановка ауылдық округінің аумағында бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуіндің тәртібі Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 39-3-бабына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1106 қаулысымен бекітілген бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуіндің үлгі қағидаларына сәйкес әзірленді және Теренкөл ауданы Ивановка ауылдық округі аумағында ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиындарын өткізуін белгілейді.

2. Теренкөл ауданы Ивановка ауылдық округі аумағында ауылдар тұрғындарының бөлек жергілікті қоғамдастық жиыны (бұдан әрі – бөлек жиын) жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін өкілдерді сайлау мақсатында шақырылады және өткізіледі.

3. Бөлек жиынды Теренкөл ауданы Ивановка ауылдық округінің әкімі шақырады.

Теренкөл ауданы әкімінің жергілікті қоғамдастық жиынын өткізуге он шешімі бар болған жағдайда бөлек жиынды өткізуге болады.

4. Жергілікті қоғамдастық халқы бөлек жиындардың шақырылу уақыты, орны және талқыланатын мәселелер туралы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге де тәсілдермен олар өткізілетін күнге дейін құнтізбелік он күннен кешіктірілмей хабардар етіледі.

5. Ауылдар шегінде бөлек жиынды Теренкөл ауданы Ивановка ауылдық округінің әкімі ұйымдастырады.

6. Бөлек жиынды ашудын алдында Теренкөл ауданы Ивановка ауылдық округінің қатысып отырған және оған қатысуға құқығы бар тұрғындарын тіркеу жүргізіледі.

7. Бөлек жиынды Теренкөл ауданы Ивановка ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілдептік берген тұлға ашады.

Тереңкөл ауданы Ивановка ауылдық округінің әкімі немесе ол уәкілеттік берген тұлға бөлек жиынның төрағасы болып табылады.

Бөлек жиынның хаттамасын рәсімдеу үшін ашық дауыспен хатшы сайланады.

8. Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің кандидатураларын Тереңкөл аудандық мәслихаты бекіткен сандық құрамға сәйкес бөлек жиынның қатысушылары ұсынады.

Жергілікті қоғамдастық жиынына қатысу үшін ауылдар тұрғындары өкілдерінің саны ауыл тұрғындарынан тең өкілдік ету қағидаты негізінде айқындалады.

9. Дауыс беру ашық түрде әрбір кандидатура бойынша дербес жүргізіледі. Бөлек жиын қатысушыларының ең көп дауыстарына ие болған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

10. Бөлек жиында хаттама жүргізіледі, оған төраға мен хатшы қол қояды және оны Тереңкөл ауданы Ивановка ауылдық округі әкімінің аппаратына беріледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК